

**Р.С.Кайрбаева**

Профессор, халықаралық қатынастар факультеті жанындағы шет тілдері кафедрасының құрметті меңгерушісі, Қазақстан, Алматы қ.

**Жарқын бейне жадымызда**

Мамырдың 29 жұлдызында Гүлжауһар Шағатайқызы 70 жасқа толып, өзінің мерейтойын атап өткізетін күн болар еді.

Өкініштісі ғұмыр жасы ұзақ болмады, сұм ажал оны арамыздан ерте алып кетті. Гүлжауһар Шағатайқызының рухы, бейнесі біз қанша уақыт өмір сүрсек, сонша уақыт біздің жадымызда мәңгі сақталады. Олай дейтін себебім, факультеттегі Гүлжауһар Шағатайқызының аты берілген актілік зал өз орнында тұр. Осы киелі аудиториядан студенттер дәріс алып, тәрбиеленіп әлем кеңістігінде өз орындарын тауып, Отанына қызмет етіп, үлкен сұранысқа ие болып жүр. Әлбетте Гүлжауһар Шағатайқызының қалыптастырған дәстүр, тәлім-тәрбие өз бағытынан ауған жоқ. Үдеріс үстінде. Гүлжауһар Шағатайқызының өзі дәріс берген аудиториядан бастап, факультет студенттерін баули да білген, оларға саналы, салауатты өнеге де бере білген. Осы оған біткен феномен қасиеті еді. Ол әр студенттің атын білетін, жағдайы, оқуға көңілқошы болмай жүрген студентке айрықша жеке көңіл бөліп, қолдан келетін көмектерін аямайтын. Ол деканмын деп дандайсымайтын, ұлық болсаң, кішік бол деген қағиданы ұстанатын. Гүлжауһар Шағатайқызы осындай мейірімді, қамқор жан еді.

Қуантарлық жағдай, бүгінгі таңда факультеттің басшылары, ғалымдар, ұстаздар жас ұрпақтың жалпы адамзаттық құндылықтарының дамуына елеулі үлес қосып отыр. Олар адамгершілік факторларды қолдайды, жас ұрпаққа білім ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени, адами тәрбиенің маңыздылығына зор мән береді. Оның дәлелі – сіздер мен біздің бүгінгі бас қосуымыз, Гүлжауһар Шағатайқызын еске алуымыз. Университет факультет ұжымына үлкен қошеметпен алғыс білдіремін!

Гүлжауһар Шағатайқызының жағымды қасиеттері оның тектілігінде. Гүлжауһар

Шағатайқызының әкесі оқығаны бар сауатты, сол замандағы өз қатарластарының алдыңғы легінде болған азамат еді. Ата-анасы бай тұқымынан болғандықтан, қуғынға ұшырап, Ресейге барып орын тепкен, сол жерде ұрпақтары өсіп, тамыр жайған. Гүлжауһар орыс мектебін үздік бітірген. Мектепте комсомол ұжымының хатшысы болған, тағы басқа көптеген қоғам жұмыстарына қатысқан, талантты, шебер ұйымдастырушылық қасиеті бар зерек оқушы әрі өз ортасының көшбасшысы болған. «Болар бала бесігінде бұлқынады» демекші жас балауса қыз өз білімі мен тірлігінің арқасында, Челябинск университетіне оқуға түседі. Қазақ жерінде, қазақ топырағында оқып, тәрбиелену мақсатымен, өзі ізденіп, талаптанып жүріп, Алматыдағы сол кездегі С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетке ауысқан. Аталмыш университетті үздік бітіріп, тарих факультетінде өзінің еңбек жолын бастаған. Қазақ тілін жетік білмейтін Гүлжауһар өз бетімен тиянақты түрде ізденіп, өзінің ана тілін жетілдіріп, кейін тіпті қазақ топтарында семинар сабақтарын жүргізіп, лекция да оқыған.

Шын мәнінде, Гүлжауһар Шағатайқызының еңбек сүйгіш қасиеті оның басты ерекшеліктерінің бірі болған еді. Халықаралық қатынастар факультетін құруда, оның іргетасын қалауда атсалысты, оқу процесін жолға қою үшін факультет мамандарын жұмылдырды, ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Жаңадан ашылған оқу орнының өз ерекшеліктері мен қиыншылықтары болды, яғни оқу жоспарлары және оқу құралдарымен қамтамасыз ету, кәсіби мамандарды қызметке тарту оқу ғимараттарын, аудитория мен оқу залдарын, кітапхананы жабдықтау деген сияқты, және т.б. саналуан жұмыстардың түбіне жету мүмкін емес еді. Дейтұрғанмен Гүлжауһар

Шағатайқызы өз әріптестерімен бірлесе отырып, факультетті аяғына тік тұрғызды.

Гүлжауһар Шағатайқызының ғылыми жұмыстары туралы айтпай кетуге болмайды. Оның еңбек жолы университетте басталып, өмірінің ғылыми сатылары, ізденіс жолдары Мәскеудің мемлекеттік университетіндегі аспирантурада жалғасты. Диссертациялық жұмысы неміс тіліндегі тарихи материалдарға негізделгендіктен, неміс тіліндегі готикалық шрифтермен жазылған сирек деректерді өзі аударып қолданған. Ғылыми жұмысы

жоғары бағаланып, оны сәтті қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. Гүлжауһар Шағатайқызының ғылыми жұмыстары, мақалалары, оқу құралдары мен оқулықтары журнал, кітап беттерінде көрініс тапты, студенттерде үлкен қолданысқа ие болды.

Гүлжауһар Шағатайқызының жарқын келбеті, оның бейнесі мен рухы осы оқу ордасында, осы салтанатты залда, оның түлектерінің, әріптестері мен достарының есінде мәңгіге сақталады, оның артында өшпейтін із қалды.